

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

представляет большую значимость, так как отток человеческого капитала сопряжен для страны большим риском. Наличие такой проблемы приводит к принятию мер для предотвращения этой ситуации – попытками наращивания академического потенциала и сохранения этого потенциала во благо страны.

Несмотря на отличия в миграционной политике каждого государства, основная задача остается для всех неизменной – контроль над пересечением иностранными гражданами границ, учет пребывания, деятельности и легализация мигрантов на принимающей территории. Стоит отметить, что данная статья анализирует миграционную политику указанных стран за последние 3 года, поэтому, некоторые аспекты можно дополнить посредством увеличения периода анализа на более продолжительный отрезок времени. В заключение, можно сказать, что в сравнении с другими странами, методы, принятые казахстанскими властями в целях регулирования этнической миграции в Концепции развития миграционной политики на 2023-2027 год являются практичными, актуальными и целенаправленными учитывая национальные интересы страны. Однако, существует вероятность улучшения существующей политики, через интеграцию опыта зарубежных стран.

Список использованных источников

1. Черняк А.В. Миграционная политика: понятие и сущность // Современные научные исследования и инновации. 2014. № 6. Ч. 3 [Электронный ресурс]. URL: <https://web.snauka.ru/issues/2014/06/35281> (дата обращения: 20.03.2024).
2. Утвержден план мероприятий концепции миграционной политики на 2024-2025 годы. (2024, January 19). [Электронный ресурс]. <https://объясняем.пф/articles/news/utverzhdn-plan-meropriyatyy-kontseptsiy-migratsionnoy-politiki-na-2024-2025-gody/>
3. OECD (2023), International Migration Outlook 2023, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/b0f40584-en>
4. Министерство труда и социальной защиты РК. (2022). *Концепция миграционной политики Республики Казахстан на 2023-2027 годы* (Указ от 13 сентября 2022 года № 1008).

УДК 94(574).02/.08+528.9

БҰРЫН ЗЕРТТЕЛМЕГЕН ЕУРОПА КАРТАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЭТНОНИМДЕРІ, КРАТОНИМДЕРІ, ПОЛИТОНИМДЕРІ: ҚАЗАҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ЗЕРТТЕУ АЯСЫНДА

Совет Алма Жұмажанқызы

almasovet2021@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Қазақстан Халқы Ассамблеясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Қ. Сыдықназаров

Қазіргі кезеңде қазақ бірегейлігін қалыптастыру этносаясаттың басты принциптерінің бірі ретінде қарастырылады. Ел бірегейлігін қалыптастыруда өткен тарихты зерттеу мен білу маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің өткені мен бүгінін сәйкестендіру кез-келген мемлекеттің саяси бірегейлігін орнықты ететіні анық.


Осы орайда XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық карталардағы Қазақ мемлекетін зерттеу арқылы Қазақ мемлекеті мен оның ұлттық сипатының ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталғанын көруге болады. Еуропалық карталарда Қазақ мемлекетінің атауы мен аумағына, халқының өмір-салтына байланысты маңызды мағлұматтар бар. 2000-нан астам карталардың бәрінде Қазақ мемлекеті «Cassak», «Cassaky», «Cassackia», «Cassaccia Norda», «Chalzag», «Kassaki»,

«Independent Kassaks», «Independent Tartary» сынды 200-ден астам түрлі атаумен көрсетілген. Бұл карталарды әйгілі картографтар, дипломаттар, саяхатшылар әзірлеген, оның ішінде Герард Меркатор, Энтони Дженкинсон, Абрахам Ортелиус, Себастиан Мюнстерді атап өтсек болады[1].

Мақаладағы басты терминдерге, яғни «этноним», «кратоним», «политонимге» анықтама бере кетсек, «этноним» (грек. *ethnos* – халық, *онума* – есім, атау) - ел, халық, ұлт атаулары, «кратоним»(гр. *kratos* – *билік*, *онума* – есім, атау) – билік атауы, «политоним» (грек. *πολιτική* «мемлекет» и *онума* - есім, атау) – мемлекет атауы деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, эндоэтноним және экзоэтноним деген ұғымдар бар, «эндоэтноним» - (грек тілінен. *ένδον* - "ішінде" және *έθνος* - "халық, тайпа" және *ὄνομα* - "аты") - өзіне тағайындаған халықтың аты, ал экзоэтноним (грек. *έξω* [экзо] «шығу» + грек. *ὄνομα*] «есім, атау») - оған басқа халықтар тағайындаған ел атауын білдіреді [2]. Мысалы, Қазақ мемлекетінің құрылғаннан бастап эндоэтнонимі, эндополитонимі, эндократонимі – Қазақ болса, ал экзоэтноним, экзополитоним, экзократонимдері – еуропалық карталарда жоғарыда аталғандай 200 ден астам атаумен кездеседі. Картографтар-зерттеушілердің еңбектерінде Қазақ мемлекетінің этнонимдері мен политонимдері әртүрлі жазылып, дыбысталғанымен атаулары тұрақты әрі біртекті болды. Олардың өзгеріссіз сақталуы - бірегейлік пен тұрақтылық Қазақ мемлекетінде бірнеше ғасырлардан бастау алғанын көрсетеді.

Еуропалық карталардағы Қазақ мемлекетінің атаулары (1-сурет), яғни экзоэтнонимдері, экзополитонимдері және экзократонимдері: «Pays De Kassaks», «Land der Kaisaken», «Independent Tartary», «Independent Tartars», «Tartarie Independante», «Cassachi», «Cassakia», «Cassaqu», «Cassak», «Cassaky», «Сабакия», «Chalzag Stati del Tartaro», «Cazalgites», «Chalzag», «Chazalgites», «Cosaques Errans», «Kassakia», «Kalzag», «Kasakia», «Kasacia», «Kassacia», «Kasatsha», «Kasacha», «Kassaki Tartari», «Kaski Tartari», «Kasakki», «Kasaki», «Kassaki», «Kasakhi», «Kayissaks», «Kaizaken», «Kazak», «Kaissaken», «Kaisaks», «Khasaks», «Kasatsia», «Kazatschia», «Kazaschia», «Kasake», «Kasakhe», «Kassakia Horda», «Kassacia Horda», «Kirghiz», «Kirghiz Khasaks», «Khirghiz Kaizak».

Сондай-ақ еуропалық карталарда Орталық Азияның бірнеше қалалары, яғни топонимдері белгіленген - Ақсу, Тараз, Түмен, Ташкент, Фараб, Сарайшық, Самарқанд, Каспий теңізінің шығыс жағалауында – Сенташ (Шентас), Мансуа (Маңғыстау), Масауиз қалалары да айқын көрініс тапқан.





1-сурет. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық карталардағы Қазақ мемлекетінің атаулары

Қазақ мемлекеті картографиялық дереккөздерде ғана емес, сонымен қатар, 1700 жылдан бастап еуропалық (және кейінірек американдық) география оқулықтарында геосаяси субъект ретінде көрсетілген. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық-америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті туралы жаңа мәліметтердің барлығы Қазақстан тарихының мектеп курсына міндетті түрде енуі тиіс. Қазіргі жағдайда Қазақ бірегейлігін, азаматтықты және патриотизмді қалыптастырудың жылдан-жылға маңызы артып келеді. Әрқашан қоғам дамуының күрт өзгерісі - құндылықтар мен идеалдардың ауысуына алып келетіні белгілі, қалыптасқан және топтасқан қоғамдық ортада қарсылықтардың туындамай қоймайтыны заңдылық. Осы кезде араға тарих келіп араласатындығы анық, бірақ, ол үшін оның өзі объективті және нақты болуы тиіс. Қазақ халқының тарихы негізінен орыс империясының құрамына қосылғанға дейін кезең деректердің қаншалықты бар болуына орай шынайы баяндалған. Ал, орыс бодандығына қосылғаннан кейін қазақ тарихы объективтіліктен алыстап, көбіне, достастық мүддесіне қарама-қайшы келмеуге немесе бейтараптылық бағыттағы саясатпен жазылған. Бұл үрдісті кейбір «Қазақстан тарихы» кітаптары мен оқулықтарынан айқын байқауға болады. Алайда, бұл мәселеге қарамастан қазақ жастарына арғы ата бабасының батыр болғандығын, әлемде жер көлемі бойынша сегізінші орын алатын территорияны найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағандығын құрғақ насихаттау басым көрініс алған. Әрі тарих беттерінде қазақтың жауынгершілігі шынайы ашып көрсетілмеген, әсіресе, мектеп бағдарламасындағы тарихи оқулықтарда оқушыларды рухтандыратын қазақ халқының ерлігі туралы оқиғалар баяндалмайды, бұған қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңді қоспағанда одан бергі уақытта тек жеңілістер мен кейін шегінулерге көз жеткізуге болады. Бұл үрдіс қазіргі ұрпақтың өзінің төл тарихи тағылымына үстірт қараушылыққа, тарихынан тамыр тарта алмаушылығына, яғни сабақтастықтың біртіндеп үзілуіне алып келуі мүмкін.

Қазақстан тарихын оқу және оны дәріптеу мемлекеттік саясаттың және ұлттық құрылыстың бір бөлігі. Бұл адамдарды бір қауымға топтастыру мен жеке өзіндік ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Қазақ халқының тарихы бойынша оқулықтар тәуелсіз Қазақстан үшін тарихи сананың және қазақ бірегейлігінің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Қазақстан тарихы оқу бағдарламасы ретінде білім жүйесінде ерекше орынға ие. Нақты осы пәннің мазмұны жас ұрпаққа қазақ халқының мәдени-тарихи дәстүрін меңгеруге, тарихи санасын қалыптастыруға көмектеседі [3]. Бұл бастамалар өткен тарихымызды қайта тірілту ұлттық санамызды жаңғырту, сондай-ақ, Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының, егемендігін нығайтудың, азаматтық пен отаншылдыққа тәрбиелеудің ең басты факторлары болып табылады. Тарих - халықтың әлеуметтік жады, ол содан қуат ала отырып, жарқын болашаққа жол бастайды. Қазақ халқы үшін өткен кезеңнің әртүрлі алмағайып тұстарында ұмыт қалған тарихи сананы қайта қалпына келтіру ұлттық сананы оятудың негізіне айналары анық [4].

Жаһандану және интеграциялану жағдайында қоғамда бірегейлік мәселесі мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін шешуші рөл атқарады. Бірегейлік түбегейлі анықталмаған жағдайда қоғам ішінде дағдарыстың орын алу ықтималдығы күшейеді. Яғни, өз кезегінде

ұлтаралық және этносаралық қарым-қатынастар, көші-қон үрдістері мен жергілікті элиталардың ұлттық саясаттағы жұмысының күшеюіне өз әсерін тигізеді. Нәтижесінде, азаматтардың өздері бірегейлігін іздестіру барысында рулық, тайпалық, діни сияқты басқа да бірегейлік түрлерінің кең таралуына жол ашады. Мемлекеттің ішінде түрлі ағымдардың күшейіп, тоқырауға ұшырауына алып келеді. Сондықтан нақты бірегейлік қалыптасқан қоғамда ғана тұрақталған және мығым мемлекеттің дамуы орын алады.

Қазақ бірегейлігін қалыптастыру үдерісі күрделі және ғылыми ортада түрлі пікірталас туғызары анық. Бірегейлікті қалыптастырудың негізгі құрылымдары мен компоненттері ұлттық өзіндік сана, тіл, этностың тарихи жады, дәстүрлі мәдениет, және этникалық құндылықтар болып табылады. Мемлекет бірегейлігі адам мен қоғамның өзінің тарихи өткенімен, бүгінгімен және болашағымен сәйкестендірілуінің нәтижесінде пайда болады. Қазақ бірегейлігі қазіргі кезеңде және одан әрі бүкіл қазақстандық қоғамды шоғырландыруға қабілетті бірыңғай этникалық өзіндік сана-сезімі бойынша құрылуға тиіс. Қазақ бірегейлігін сақтау өте маңызды, өйткені ол қазақ этносының сақталуы мен дамуына ықпал ететін, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін бірегей ұлттық код болып табылады. Ел бірегейлігін қалыптастыруда нәтижеге жету үшін қазіргі Қазақ қоғамында ата-бабаларымыз қалдырған тарихты дәріптеу, келешек ұрпаққа тарих оқулықтарын қайта өңдеп жазу және Мәңгілік Ел, Ұлы Дала Елі, Рухани Жаңғыру сынды бастамаларды сапалы жоспарлап, жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, патриоттық сезімді әрбір қазақстандықтың бойында балалық шағынан бастап тәрбиелеу керек. Осы орайда, мемлекеттің мәдени саясатын жүргізу барысында ұлттық тарихтың патриоттық сезімді ояту мен дамытудағы әлеуетін дұрыс пайдалануға күш салуы тиіс. Яғни, мемлекет тарихы жайлы деректі фильмдер түсіру арқылы сананы жаңғыртуға болады. Бұл үрдіс халықтың патриоттық сезімін оятып, ұлттық және тарихи сананың дамуына жағдай жасаумен қатар ұлттық бірегейліктің қалыптасуына үлес қосады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М.А. Сыдыкназаров. Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі тарих толқынында. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті»// Брюссель, 2021
2. Электрондық ресурс: <https://academic.ru/>
3. Айтымбетов Н.И. Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы Қазақстан тарихының этномәдени символдық мәні// Алматы, 2015.
4. Айтымбетов Н.Б. Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы қазақ тарихының маңызы//Алматы, 2013. – №2 (56). – Б. 63-68.

УДК 314/15

МИГРАЦИЯ КАНДАСОВ В ПРИГРАНИЧНЫХ РАЙОНАХ КНР И РК

Тоғамбаев Нұрсұлтан Қайырғазыұлы

nursultantogambaev@mail.ru

Магистрант кафедрасы Ассамблеи народов Казахстана

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ж.М. Сабитов

На сегодняшний день, наша страна граничит с Синьцзянь Уйгурским Автономным районом, в том числе это - Или-Казахская автономная область, Баратола-Монгольская автономная область и Кобусар- Монгольский автономный уезд. В свою очередь, Или-Казахский автономный район состоит из Илийского, Чугучакского и Алтайского округов, а также на их территории находятся крупные города как: Карамай, Кульджа (Инин) и город Алтай.